

**«Қарағаш орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің 2023-2024
оқу жылында әлеуметтік педагогтің I жартыжылдықта атқарылған
жұмысының**

Есебі

Әлеуметтік педагогтің 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспары Білім туралы ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы, Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі, ҚР баланың құқықтары туралы ҚР 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы, Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 25 тамыздағы № 377 бұйрығы, Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығы, Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 № 68 бұйрығымен өзгерістер енгізілген) және т.б. нормативтік-құқықтық құжаттарға негізделген.

Мектептің әлеуметтік-педагогикалық жұмысының мақсаты:

Мектептің әлеуметтік осал топтағы оқушыларына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсете отырып, әлеуметтік теңсіздіктің алдын алу, мектептің әлеуметтік әл-ауқатын арттыру.

Міндеттері:

- Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайын жан-жақты зерттеу және болжау, сол арқылы әлеуметтік шаралардың орындалуын қамтамасыз етіп, бала үшін білім алуға қолайлы орта құру;

- «Бала-отбасы-мектеп» моделіндегі әлеуметтік-педагогикалық жұмыс негізінде әлеуметтік жетімдіктің алдын алу;

- Оқушылардың құқықтық, әлеуметтік білімі мен жауапкершілігін қалыптастыру, баланың жан-жақты дамуын әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу.

- Мәртебеге ие оқушыларды үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау.

- Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру.

- Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күнкөріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізу.

Әр сыныпқа әлеуметтік диагностикалық паспорт жасалды. Жалпы алғанда 194 оқушының әлеуметтік статусы анықталып, санаттары нақтыланды. Атап айтқанда :

- Ата –ана қамқорлығынан айырылған балалар – 1 оқушы
- Толық емес (ажырасқан) отбасының балалары – 9 оқушы
- Жартылай жетім отбасының балалары – 11 оқушы
- Көп балалы отбасы балалар – 63 оқушы
- Тұрмысы төмен отбасы балалар тізімі – 12 оқушы
- Оралман оқушылардың тізімі – жоқ
- Үйде оқытылатын оқушылар тізімі – 3 оқушы
- Жалғызбасты ана тәрбиесіндегі балалар тізімі - 5 оқушы
- Өгей әкемен бірге тұратын балалар тізімі- 5 оқушы
- Өгей шешемен бірге тұратын балалар тізімі-жоқ
- АСП алатын отбасындағы оқушылардың тізімі – 5 оқушы
- Толық отбасындағы оқушылардың тізімі – 80 оқушы

Бала тәрбиесі мен қарым-қатынасты жақсарту жайында ата-аналар үшін ұсыныстар дайындау, кеңестер беру, мотивациялық тесттер жүргізу, психологиялық, педагогикалық кеңес беру жұмыстары жоспарға сай жүргізіліп отырады.

Әлеуметтік педагог Серік Данна және мектеп психологы Жакенбаева Г бірлесіп әлеуметтік жағдайы төмен, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сәтсіз отбасы және өгей ата -аналармен бірге тұратын оқушылардың жағдайларын бағдарлап рейд жүргізіліп, акт жасалды. 26.10 күні Миялы ауылы УПП №5 учаскелік полиция лейтенанты Әлібек Ринат Әлиханұлы, Миялы ауылдық әкімшіліктің бас маманы Қасабеков М, мектеп психологы Жакенбаева Г, әлеуметтік педагог Серік Д тарапынан өгей әкемен тұратын отбасы Кенчинбаев Нурлан, сәтсіз отбасы Касенбаев Кадіржан және ерекше назарда жүретін отбасы Мамбеталиева Л үйлеріне барып, рейд жүргізілді. Отбасылық жағдайға байланысты өгей ата-аналармен тұратын оқушылардың психологиялық-әлеуметтік деңгейі, отбасындағы зорлық-зомбылық, өгей әкелер мен аналардың балаға деген көзқарасы негізінде сұхбат жүргізілді. Бала біздің болашағымыз. Олардың ертеңгі күндері жарқын болуы үшін кез-келген қысымның болмауы шарт. Әрбір ата-ана баланың алдындағы міндетін білгені абзал. Қоғамдағы өзекті мәселенің бірі саналатын бала тағдыры назардан тыс қалмақ емес. Ата –аналарымен байланыс орнатылған.

Толық емес отбасы (Жартылай жетім) – 1 отбасы ерекше назарда, себебі анасы үнемі спирттік ішімдік ішеді. Мектепте 4 баласы оқиды. 10-сынып

оқушысы Сағымбай Айғаным, 7-сынып оқушысы Асқарқызы Айзере, 5-сынып оқушысы Сағымбай Сағынай, 3-сынып оқушысы Сағымбай Серікбол. Бұл отбасы үнемі назарда, қыркүйек айының 18 жұлдызында тұрмыстық үй жағдайы тексеріліп акт жасалған, ауыл әкімі Мурзахметов А, МДТІЖО Толегенова С.А, мектеп психологы Жакенбаева Г.Б, Миялы ауылы УПП №5 учаскелік полиция лейтенанты Әлібек Ринат Әлиханұлының қатысуымен де үйіне барып, баланың анасымен сөйлесіп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Балқаш аудандық прокуратурасының қызметкерлерімен 06.12.2023 ж күні Миялы ауылы бойынша пробация бойынша – 1 отбасы, 1 АСП алатын отбасы, 2 әлеуметтік жағдайы төмен отбасы және 1 жартылай жетім отбасының үйлерін аралау жұмыстары жүргізілді.

Қонысбаев Г.А – ДТП байланысты қара жұмыс алған. Әйелі Серік Ж.С – «Қарағаш орта мектебі» МКМ-де мұғалім болып жұмыс істейді. Отбасында 4 баласы бар, қызы Білісбек А (2002) – Алматы қаласында Бостандық ауданында анықтаушы, ұлы Білісбек М (2004) – әскерден кейін жұмыссыз, қыздары Білісбек Ж – 8сынып, Ғалымбекқызы А – 5 сыныпта оқиды. Қазіргі таңда Қонысбаевтар отбасы Серік Жаннаның әкесі Краузе С Тасмұрын №19/1 үйде

бірге тұрып жатыр. Отбасының жағдайы жақсы. Үйде суық су және ыстық су қосылған. Балалар сабақтан қалмайды, сабақ үлгерімдері жақсы. Әкелерімен қарым-қатынастары жақсы.

АСП алатын отбасы – Ордабаева Н, 5 баласы бар, Ордабай Ә (2004) – Алматы қаласында жұмыс істейді, Ордабай С (2006) – Алматы қаласында колледжде оқиды. Ордабай С – 10 сынып, Ордабай М – 7 сыныпта оқиды. Еланұлы Ә (2021) – анасымен бірге үйінде. Әкесі Ордабаев Елан – үшжарма ауылы маңында жеке шаруақожалықта жалдамалы мал бағады. Анасы Орадабаева Нургул Жаирбековна – үй шаруасында. Үйде ыстық және суық су орнатылған. Балаларға жеке бөлме жасақталған. Сабақ оқуларына жағдай жасалған. Балалардың сабақ үлгерімдері орташа. Балалар уақытылы екпелерін алып, медициналық тексеруден өтіп отырады. Үкімет тарапынан көп балалы ана ретінде жәрдемақы және мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алады.

Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардан – 2 отбасы Мюльбергер А, Сулейменова А үйлеріне бардық. Сулейменова А – 5 балалы ана. Үлкен қызы – Әміржан Е (2004) – Қонаев қаласында жұмыс істейді. Ғалымқызы А – 7 сынып, Әміржан И - 2 сынып, Ғалымұлы Е – 1 сыныпта оқиды. Ғалымқызы Ж (2020) – «Балдәурен» балалар бақшасында тәрбиеленуде. Балалардың сабақ үлгерімдері жақсы, барлығы да үздік оқиды. Отбасы көп балалы ана ретінде ғана жәрдемақы алады. Күйеуі Байбеков Ғ – ӨК «Динара» күзетші, Сулейменова А – «Қарағаш орта мектебі» МКМ-де еден жуушы болып жұмыс істейді. Үйде ыстық және суық су орнатылған. Үйдің ішкі жағдайы жөндеу жұмыстарын қажет етеді, жөндеу жұмыстарына қаражат жеткіліксіз.

Мюльбергер А – 6 баланың анасы. Чучкаева С – 7 сынып, Чучкаева П – 5 сынып, Чучкаева А – 4 сынып, Чучкаева Е – 1 сыныпта оқиды. Чучкаев Сс(2020), Чучкаева В (2023) – анасымен бірге үйінде. Күйеуі Чучкаев В – жұмыссыз, Мюльбергер А – тұрақты жұмысы жоқ. Балалардың сабақ үлгерімдері жақсы. Отбасы көп балалы ана ретінде және бала күтіміне байланысты жәрдемақы алады. Үйде тек суық су ғана орнатылған. Үйдің қазіргі таңдағы жағдайы апатты жағдайда. Үй 3 бөлмеден ғана тұрады.

Жартылай жетім отбасы – Мамбеталиева Лазат, 5 баласы бар. Күйеуі Карибаев Аскар Сағымбаевич 30 қаңтар 2020 жылы қайтыс болған. Үлкен қызы Сағымбай А (2004) – Алматы қаласында жұмыс істейді, Сағымбай А – 10 сынып, Асқарқызы А – 7 сынып, Сағымбай С – 5 сынып, Сағымбай С – 3 сыныпта оқиды. Үйіне барған жағдайда анасының ішімдік ішкені анықталды. Үйінде 1995 жылғы Айжан есімді қыз келіп Лазатпен бірге қосылып ішетіндіктері және үйіне ер адамдардың келетіні анықталды. Үйдің іші шашылып жатыр, пеш қауіпті орналасқан.


Іс-шаралар

19 қазан күні мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Толегенова С.А, мектеп психологы Жакенбаева Г.Б, әлеуметтік педагог Серік Даннаның 7-11 сынып оқушыларына "Скулшутинг феномені: себептері мен алдын алу шаралары" тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Жұмыс барысында оқушыларға скулшутинг дегеніміз не, оның себеп-салдары неде, оған не әсер етеді, оның әлемде алатын орны қандай және бұл феноменмен қалай күресуге болатынын оқушылармен бірге талқылай отырып, толық мағлұмат берілді.



Бала - адамның келешегі, баланы тәрбиелеу, қоғамның сапалы мүшесі етіп өсіру ата-ананың ардақты борышы. Бала жасында қалай тәрбиеленсе, есейгенде соны істейді. Халқымызда «Баланы жастан» деген мақал бар. Бірақ үнемі «үйтпе,бүйтпе» деп отырса да бала ынжық, жасқаншақ болады. Бірақ, бала тәрбиелеудің жөні осы екен деп, тәрбиеден тыс қаталдық көрсетудің өзі бала өміріне қауіп туғызады. Қаталдық керек десек те... тәрбиелеудің дұрыс жолдарын қолданған жөн. «Әке көрген оқ жанар, шеше көрген тон пішер» демекші балаға отбасы тәрбиесінің әсері мол. «Қатігездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық онкүндігі аясында 15 қараша күні «Бақытты ана – бақытты бала – бақытты отбасы» тақырыбында әлеуметтік педагог Серік Данна, 7-сынып жетекшісі Рамазанова А, 5-сынып жетекшісі

Болат А жетекшілігімен ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді. **Мақсаты:** Ата-аналарға балаларының құқықтық тәрбиесі жайында толық мағлұмат беру, әр баланың мінез-құлық ерекшеліктеріне сай қоғамда өзін-өзі ұстауы, үлкенге құрмет көрсетуі, құқық бұзбау әрекеттері жөнінде ой бөлісу, өзін-өзі тану арқылы дара тұлға ретінде өзін еріксіз бірқалыпты қалыптастыруға баулу. Ата-аналардың қатысуымен өткізілген дөңгелек үстелде ата-аналарға бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі және жауапты міндет, отбасындағы бақыт деген сөздің мағынасының қандай екендігі түсіндірілді. Отбасындағы тәрбие, балалармен аналардың арасындағы қарым-қатынас туралы пікірлерімен бөлісіп, ой қозғалды. Бала ата-анасына, ортасына қарап өсетіндігін алға тартып, алдымен әркім өзін тәрбиелеу қажеттігі айтылды. Қазіргі қоғамда көп балалы аналарға қандай әлеуметтік қолдау көрсетілуде деген аналар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, талқыланды.





«Бала дегеніміз -болашақ» деген екен француз жазушысыГюго Виктор Мари. Бала періште дейді. Олардың пейілі,ниеттері қандай тұйық болса, көңілдері сондай мөлдір!«Адамның бір қызығы бала деген »-деп Абай атамыз айтқандай, мынау тіршілікте адам баласының алтынғаайырбастап ала алмайтын аяулы сәттері көп-ақ. Халқымызжелкіндеп өсіп келе жатқан қыз баланы елдің көркі санаса, алер баланы елдің қорғаны санаған. Балалық шақ адам өміріндегі ұмытылмайтын қызықты да бақытты кезең. Сондықтанда әр бірқараша үйдің түтінін түтеткен ата-ана көзінің ағы менқарасындай перзентінің өмірдегі осынау сәттердімүмкіндігінше есте қаларлықтай етіп өткізуді ойластырады.

Осы мақсатта қараша айының 17 жұлдызында «**Қазіргі және болашақ әр бала үшін қорғалған балалық шақ**» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. **Мақсаты:** оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу.

Сынып сағаты барысында әлеуметтік педагог Серік Данна Серікқызы отбасы туралы толық мағлұмат берді.



Тәрбие сағаты барысында оқушыларға сұрақтар қойылып, оқушылар өз ойларын толық жеткізе білді.

Сонымен қатар өз отбасыларының қандай болғанын қалайсындар деген сауалда оқушылар жанұя мүшелерінің бір-біріне сыйластығы, сүйіспеншілігі, ауызбіршілігі, әдепті қарым-қатынас, жанұядағы мүшелердің бір-біріне қамқорлығы, ата-анасының балаларына деген үлгі өнегесі, балаларының ата-анасына деген мейрімділігі, құрметтеуі, жанұяда ата дәстүрдің сақталуы, атаны тыңдау, әженің қадір қасиетін түсіну, ата-әжені ардақтау, әке ұлына, ана қызына дос, ақылшысы болса деп өз пікірлерін білдірді.



«Балалардың өмір сапасын жақсарту – ертеңгі болашақтың кепілі. Сондықтан да балалардың құқықтарын қорғау мәселесі қашан да өзекті болып қала бермек. Осы мақсатта «Бала құқығы» ағашы жасалды. Ол жерде балалар өздерінің құқықтарын қаншалықты білетіндіктері туралы айтты.



Қараша айының 15 жұлдызында 8-сынып жетекшісі Меркибаева Д.Ш, 6-сынып жетекшісі Жылкайдарова А ұйымдастыруымен 6,8 сынып ата-аналары мен оқушылары арасында «Буллинг пен кибербуллингтің алдын-алу» тақырыбында түсіндірме жұмысы және «Ресурс» бағдарламасы туралы ақпарат берілді. «Ресурс» бағдарламасы баланың психикасы үшін мүлдем қауіпсіз, оқушының психикалық дамуының күшті және әлсіз жақтарын көруге көмектеседі. Егер баланың ресурстары әлсіз екенін көрілсе онда мамандар тобы оған көмектеседі және баланы бақытты етуге көмек береді. Түсіндірме жұмысында ата-аналар мен оқушылар қатысып, жалпы оқушылар арасындағы

буллинг, кибербуллинг туралы ақпарат ала отырып, ата-аналар мен оқушылар бірлесіп топтық жұмыс атқарды. «Ресурс» бағдарламасы туралы ақпарат алып, сұрақтарға жауап берілді.



«Отан отбасынан басталады» демекші ата-аналар мен ұстаздар қауымы үшін жас ұрпақ тәрбиелеп, оны қоғам мүддесіне жарату кезек күттірмейтін мәселе. Осы мәселеге ата-аналар мен ұстаздар боп атсалыссақ, алар асуымыздың биік болары сөзсіз. Осы мақсатта 05.12.2023 ж күні «Бақытыңды балаңнан ізде» тақырыбында ата-аналармен дөңгелек үстел өтті. **Мақсаты** : Ата-ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір-біріне деген сезімді нығайту, бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы, өз отбасындағы ата-ана тәрбиесі, өнегесі және баланың бас ұстазы ата-ана екенін түсіндіру.

3-сынып жетекшісі Ажибиева Рима Тоқбазарқызы «Біз баламызды танимыз ба?» тақырыбында тренинг жүргізді. Ата-аналар дөңгелене тұрып, мұғалім қойған сұрақтарға жауап бере отырып, балаларын қаншалықты білетіндіктері анықталды.



Әлеуметтік педагог Серік Данна Серікқызы ата-аналармен «Пікір алмасу сұрақтары» бойынша сұрақтар қойылып, ата-аналардың пікірлері тыңдалды. Айтылған пікірлер бойынша ата-аналарға «7-қателік» туралы кеңестер айтылды.



9-сынып жетекшісі Оспанбаева Гүлзат Айдарқызы «Біздің балалар» тақырыбында бейне үзінді көрсетіп, ата-аналардың пікірлері талқыланды.

«Отбасылық құндылық ағашы» тақырыбында шығармашылық жұмыс ұйымдастырылды. Ол жерде ата-аналар берілген отбасылық құндылықтарды ағаштың тамырына, діңіне, бұтақтарына орналастырып, өз ойларың еркін жеткізе білді.



«Жазалау» ойыны ойнатылды. Дөңгелек соңында «Бес саусақ» әдісі арқылы рефлексия алынды.





06-10.12.2023 ж күні 9-11 сынып оқушылары арасында «Мектеп оқушылары арасында бопсалау, әлімжеттікті анықтау» сауалнамасы алынды. **Мақсаты:** мектеп оқушыларынан бопсалау, әлімжеттік пен кибербуллинг туралы хабардарлығын анықтау, мектеп оқушылары арасында әлімжеттік пен бопсалау кибербуллингіті анықтау және алдын алу. Сауалнамаға «Қарағаш орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің ДТЖО Толегенова С.А., педагог-психолог Жакенбаева Г.Б. қатысты. Қатысқаны: 9-11 сынып (барлығы-38 оқушы, қатысқаны- 36 оқушы)



1. Бопсалау дегеніміз не? деген сұраққа оқушылардың 80 % «қысым көрсету, мәжбүрлеу, күш көрсету» деп жауап берсе, 20 % «білмейміз» деп жауап берген.
2. Саған мектепте немесе мектептен тыс жерде бопсалау көрсетілді ме? сұрағына 100 пайыз оқушылар «ондай жағдай болмады» деп жауап берді.
3. Сен өзі басқаларға бопсалау жасалып жатқан уақытта куәгер болдың ба? Деген сұраққа 100 пайыз оқушылар «жоқ, ешқашан ондай жағдайда куәгер болмадым» деп жауап берген.
4. Сенің ортаңда бопсалаудың басшы бар ма? - 100% «жоқ»

5. Сенің ортаңда топ болып жүріп, бопсалау жасайтын топ бар ма? - 100% «жоқ»
6. Сен өзгелерді қорқыту, ұрып-соғу арқылы ақша жинап жатқанын көрдің бе? - 100% «жоқ».
7. «Кибербуллинг дегеніміз не?» деген сұраққа оқушылардың 80 % «әлеуметтік желі арылы қысым көрсету,» деп жауап берсе, 20 % «білмейміз» деп жауап берген.
8. Саған байланысты кибербуллинг жасалынды ма? -100% «жоқ»
9. Сен өзің өзгелерге кибербуллинг жасадың ба? - 100% «жоқ»
10. Әлеуметтік желіде сен танымайтын адамдардан балағат сөздер жазылған смс, тайым салынған видеолар келді ме? - 100% «жоқ»
11. Боспалау пен кибербуллингке тап болған жағдайда не істеу керек? 90 % «үлкендерге, ата-анаға айту керек», 10 пайызы «білмейміз» деп жауап берді.
12. Сені буллинг пен кибербуллингтен қандай заңнамалық құжаттар қорғайды? 90 % «Бала құқығы туралы конвенция», 10 пайызы «білмейміз» деп жауап берген

Қорытынды:

1. Оқушылардың арасында бопсалау мен әлімжеттік фактілері анықталмады;
2. Бопсалау мен әлімжеттік жағдайына тап болған жағдайда кімге айту керектігін толық түсінген.
3. Бопсалау мен әлімжеттілік, кибербуллинг туралы оқушыларда түсінік қалыптасқан.
4. Оқушыларда бопсалаудың жағдайы, куәгер болу жағдайы болмаған.

Ұсыныс:

1. Оқушылар арасында боспалау мен әлімжеттіліктің алдын-алу мақсатында сынып жетекшілері әрдайым түсіндірме жұмыстарын жүргізсе;
2. ЖПҚБ ЮПТ қызметкерлерімен кездесу сағаттарын ұйымдастыру;
3. Ата-аналармен түсіндірме жұмыстарын жүргізу.

Өгей әкемен жұмыс

2023-2024 оқу жылында «Қарағаш орта мектебі» мемлекеттік коммуналдық мекемесінде өгей әкемен төмендегідей оқушылар тұрады:

№	Оқушының аты жөні	Туған күні, айы, жылы	Сыныбы	Ата-анасы және өгей әкелері туралы мәлімет
1	Мейрамхан Зарина	21.05.2007	11	Туған анасы: Рахимова Индира Мейрамхановна – мұғалім Өгей әкесі: Байбеков Мурат

				Орынбасарович – жұмысшы
2	Мейірханқызы Жұлдыз	12.03.2013	5	Туған анасы: Жуманазарова Гулчехра, жұмысшы Өгей әкесі: Кенчинбаев Нурлан Алимбаевич, жұмысшы
3	Әнәпия Таңшолпан	14.07.2015	3	Туған анасы: Кожыханова Алия Ерболатовна, жұмыссыз Өгей әкесі: Степан Закир жұмысшы
4	Алик Айбар	21.02.2015	3	Туған анасы: Серік Гүлім Серікқызы, жұмыссыз Өгей әкесі: Сейлханов Аскар Бактыбекович - мұғалім
5	Әділбек Дінмұхамед	13.01.2012	6	Туған анасы: Оспанбаева Гулзат Айдаровна, мұғалім Өгей әкесі: Байбек Болат Орынбасарұлы - таксист

Өгей әкемен тұратын оқушылармен жұмыс жоспары жасалынды. Оқулықтар толық берілді. Оқушылардың әлеуметтік паспорты мен отбасының паспорты жасалынды. Сонымен қатар, оқушылардың психологиялық-диагностикалық карталары мен зерттеу гистограммалары жасалынды. Әр оқушымен әңгімелесу жүргізілді. Әңгіме барысында оқушылар армандары мен болашақта қандай мамандық иесі болатындары туралы айтты. Қыркүйек айының 15 жұлдызында Мейрамхан Зарина, Қазан айының 11 жұлдызында Мейірханқызы Жұлдыз, 17 жұлдызында Әнәпия Таңшолпан, қараша айының 10 жұлдызында Әділбек Дінмұхамед, қараша айының 10 жұлдызында Алик Айбардың үйлеріне барып, тұрмыстық жағдайларына тексеру жүргізіліп, АКТ жасалды. Тексеру барысында, балаларға үйде жағдай жасалған. Үйлердің жалпы жағдайы жақсы.





Педагог-психолог Жакенбаева Г.Б өгей әкемен тұратын оқшылардың темперамент типтерін анықтау мақстында сауалнама алды. Сауалнама нәтижесі:

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Темперамент типі
1	Мейрамхан Зарина	11	Заринаның темперамент типі флегматик. Ол салмақты адам, ол күшін босқа сарп етпейді, бастаған істі аяғына жеткізеді. Қарым -қатынаста бір сарынды. Флегматик типі Мінезі тұрақтылықты, аспай-саспай тыңғылықты аяқтауға мүмкіндік береді. Флегматиктер ұзақ уақыт жұмыс істеуге сабырлық пен әрекет етуге төзімді болады.
2	Мейірханқызы Жұлдыз	5	Жұлдыздың темперамент типі флегматик. Ол салмақты адам, ол күшін босқа сарп етпейді, бастаған істі аяғына жеткізеді. Қарым -қатынаста бір сарынды. Флегматик типі Мінезі тұрақтылықты, аспай-саспай тыңғылықты аяқтауға мүмкіндік береді. Флегматиктер ұзақ уақыт жұмыс істеуге сабырлық пен әрекет етуге төзімді болады.
3	Әнәпия Таңшолпан	3	Таңшолпанның темперамент типі-сангвиник. Сангвиникке қимыл қозғалыста – белсенділік, өмір жағдайының өзгеруіне жеңіл бейімдеушілік тән. Ол адамдармен тез тіл тауып, шүйіркелесе кетеді, жұртты жатырқамайды. Ұжым ішінде сангвиник көңілді ақ-жарқын, іске бар ықыласымен кірісетін, әуесқой адам. Осылайша жалындап тұрғанымен іске зауқы болмаса, яғни күнделікті күйбеңі, төзімділікпен ерінбей-жалықпай істеуді қажет ететін жұмыс тап болғанда суынып қалады.

Оқушылардың мектептегі, сыныптағы іс-әрекеттерін, сыныптастарымен қарым-қатынасын анықтау мақсатында, сынып жетекшілерімен әңгімелесу жүргізілді. Нәтижесінде оқушылардың сыныптағы орны беделді, сыныптастарымен қарым-қатынастары өте жақсы.

Өгей әкемен тұратын оқушылармен тұрақты жұмыстар жүргізіліп келеді, үнемі бақылауда тұрады және ата-аналармен байланыс орнатылған.

Оқушылар мектепшілік іс-шараларға белсене қатысады.





«Қайырымдылық» акциясы

16 желтоқсан Тәуелсіздік күні мерекесіне орай әлеуметтік мәртебеге ие 8 оқушыға мектеп мұғалімдерінің демеушілігімен оқушыларға мектепке керекті құрал-жабдықтар берілді.

1. Мейірханқызы Ж – өгей әкемен тұрады
2. Ғалымұлы Е – аз қамтылған
3. Бақытжанұлы Н – жартылай жетім
4. Саматұлы А – аз қамтылған
5. Алдар Р – форма №4
6. Сағымбай С – жартылай жетім
7. Чучкаева П – аз қамтылған
8. Ермаш Ә – толық емес отбасы



Сонымен қатар толық емес отбасы Дикомбаева Жазира Казбековнаның отбасына 2002 жылғы түлектердің демеушілігімен үйіне 1 тонна көмір және азық-түліктер берілді.



Жаңа жыл қарсаңында мектебіміздің білім саласы, спорт саласы бойынша дарынды оқушыларымызды ақшалай сертификатпен марапаттау рәсімі жүргізілді. Марапаттауға демеушілік көрсеткен ер-азаматтар : Сейдахметова Асқар Дәліғұлұлы, Мусабәев Асылхан Батырханұлы, Ержігітов Айдар Елтайұлы, Талқанбаев Ерғали Жұманұлы, 91 жылғылар : Ордабай Ғали Ғайниұлы, Молдажанов Жандос Қуанышбекұлы, Нұраханов Бауыржан Бақытқалиұлы.



30.12.2024 ж күні «Аманат» партиясы Балқаш аудандық филиалына қарасты «Миялы» бастауыш партия ұйымының төрайымы Серік Данна Серікқызы мүмкіндігі шектеулі балаларды жаңа жыл мерекесімен құттықтап, жаңа жылдық тәтті табыс етті.



Президенттік шырша

Желтоқсан айының 24 жұлдызы күні Алматы қаласындағы Қазақ Мемлекеттік циркте Қазақстан Республикасы Президенті атынан жаңа жылдық шырша өтілді. Жаңа жылдық шыршаға мектебімізден қамқоршылыққа алынған 4-сынып оқушысы Рахым Инжу қатысып қайтты. Жаңа жылдық шыршада балаларға арналған түрлі-түсті шоу-қойылым, мультфильм кейіпкерлері және супер қаһармандардың қатысуымен ойын-сауық бағдарламасы ұйымдастырылды. Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев балаларды келе жатқан Жаңа жыл мерекесімен құттықтап, Президенттік шыршаға қатысушылар үшін дәстүрлі сыйлық Қазақстан Республикасы Президентінің атынан әр балаға 100 мың теңге сомасында ақшалай сертификат, Президенттің құттықтау хаты мен тәтті сыйлықтарды табыс етті. Жаңа жылдық шыршадан кейін цирк қойылымын тамашалады.



Аудан әкімінің шыршасы

29 желтоқсан күні Бақанас ауылында Б.Бейсекбаев атындағы мектеп-гимназиясында аудан әкімінің балаларға арналған жаңа жылдық шыршасы болды. Жаңа жылдық шыршаға мектебімізден жартылай жетім 7-сынып оқушысы Асқарқызы А, әлеуметтік аз қамтылған отбасынан 2-сынып оқушысы Әміржан Ибрагим қатысып, жаңа жылдық сыйлық және қыстық киім табыс етілді.



Ыстық тамақтың ұйымдастырылуы

2023-2024 оқу жылында ЖМББ қорынан аз қамтылған, жартылай жетім, көпбалалы, қамқоршылыққа алынған, инклюзивті, толық емес отбасынан шыққан 110 бала ыстық тамақпен қамтылған.

Бастауыш сынып оқушыларының саны – 77

Оның ішінде ыстық тамақ ішетіндер – 75

Үйде оқитындары – 2 (3 сынып, 4 сынып)

5-11 сынып оқушылары - 35

Сынып-тар	Оқушы саны	АСП	Қамқоршыл. алынған бала	Өгей әке	Толық емес отбасы	Жарт. жетім	Көп балалы отбасы	Форма №4	Әлеу.жағд төм	Толық отбасы	Сәтсіз отбасы	Инклюзив
1-сынып	20	-	-	-	1	-	6	2	3	8	-	-
2-сынып	16	-	-	-	1	-	7	-	1	7	-	-
3-сынып	19	-	-	2	2	2	7	-	1	5	-	-
4-сынып	20	1	1	-	2	-	9	1	1	5	-	-
5-сынып	9	1	-	1	-	2	3	-	2	-	-	-
6-сынып	7	-	-	1	1	1	3	-	1	-	-	-
7-сынып	8	1	-	-	-	2	2	-	2	-	1	-
8-сынып	3	-	-	-	-	1	1	-	-	-	1	-
9-сынып	4	1	-	-	-	1	-	1	-	-	-	1
10-сынып	3	1	-	-	-	2	-	-	-	-	-	-
11-сынып	1	-	-	-	-	-	-	-	1	-	-	-
Барлығы	110	5	1	4	7	11	38	4	12	25	2	1

Ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың құжаттары жинақталып, бұйрық бекітілді. Асхананың жағдайы тексеріліп, оқушыларға берілетін тағамдардың сапасы күнделікті бақыланып отырады. Бракераж комиссиясы оқушылардың тамақтану сапасы мен азық-түліктің сапасын бақылауда ұстайды. Сонымен қатар, ата-аналар күнделікті ас мәзірімен «Мектепменю» қосымшасымен танысып отырады. Ас мәзірі талапқа сай. Мектептегі тегін ыстық тамақты ұйымдастыруға қатысты ата-аналардан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде, ата-аналар тарапынан ыстық тағамға шағымдары анықталмады. Мектептегі асхана жағдайы мен тамақтың сапасы көңілдерінен шығады.

Қыркүйек айында мектеп медбикесі Бакирова Г.К мен әлеуметтік педагог Серік Д.С «Тамақтану алдындағы гигиеналық ережелерді білеміз бе?», «Дұрыс тамақтана біл!» тақырыбында оқушылармен түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мақсаты: мектеп асханасынан тамақтанатын оқушылардың, мектеп оқушыларына жалпы гигиена ережелерін түсіндіру.




Түсіндірме жұмыстары барысында оқушыларға тамақтану сауаттылығының бес негізі:

- 1) Тамақ құрамында негізгі қоректік заттардың болуы (нәруыз, май, көмірсу);
- 2) Тамақ рационасында қосымша заттардың болуы (витаминдер, микроэлемент);
- 3) Тамақ нәрлігі адам жасына, денсаулық күйіне, табиғат климатына байланысты;
- 4) Тәулік бойынша тамақтану тәртібінің мөлшерін сақтау;
- 5) Тамақтанудың санитарлық – гигиеналық нормаға сай болуы туралы оқушыларға ақпарат берілді.

Сонымен қатар, жеміс-жидектер мен көкөністердің адам ағзасына пайдасы туралы айта өтті.





Мектеп асханасының ыдық-аяқтары, оны жуатын құралдарды, арнайы киімдерді, тамақ істейтін және оны дайындайтын орынның жабдықталуы, қауіпсіздік шараларының қамтылуы жалпы асхананың талапқа сай қамтылған. Асхананың ыдыс жуатын орны, құралдары, аспаздың арнайы киімдері, ас жасайтын жеке ыдыс-аяқтар, ас пісіру орны, ас сақтайтын орындардың бәрі дайын. Тамақтандырудың сапасын бақылау комиссиясы құрылып, оқушылардың тамақтану сапасы жіте тексеріліп отыруда. Сонымен қатар, мектеп асханасының кезекшілік кестесі құрылып, оқушылардың тамақтануы бақылауда ұстауда.



Әлеуметтік педагог :

Серік Данна